# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 20 қаңтар № 7119-24-00-2/17098 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:

Төрағалық етуші судья А.С.Искалиева,

Оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Ұлытау облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
«Нарық сараптамасы және мониторингінің орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы «Ұлытау облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Нарық сараптамасы және мониторингінің орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Нарық сараптамасы және мониторингінің орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Нарық сараптамасы және мониторингінің орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 20.01.2025
Заңды күшіне енген күні: 25.02.2025, судья Искалиева А. С., 25.02.2025
7119-24-3-1/16574

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

**Судья** **А.С.Искалиева**

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 20.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 25.02.2025, судья Искалиева А. С., 25.02.2025

7119-24-3-1/16574